ШАЛҚАР
АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
Газет 1932 жылы 20 тамыздан шығады
№3 (8850) 12 қаңтар, жұма, 2024 жыл
shalkargazeti1932@mail.ru
shalqargazeti.kz

БАРМАҚ ПЕН БАЯН БАТЫР ЕРЛІГІ АЙТЫЛДЫ



Аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағыты бойынша Орта жүз құрамындағы Уақ руынан шыққан 1723-1758 жылдары Еділ-Жайыққа батыстан шабуылдаған қалмақ шапқыншылығына, Маңғыстауды басып алған түркпендерге, шығыстан баса-көктеп қазақ жеріне ішкерілей енген жоңғар басқыншыларына қарсы күрестерде Балта, Бөгенбай батырларымен бірге қолбасшылық еткен, Әбілхайыр ханның Ресей империясының қол астына ету туралы шешіміне наразылық танытқан Бармақ Мұхаммедқалиұлы мен батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген Баян Қасаболатұлы ерліктерін насихаттауға арналған «Батырлар ерлігін ұлықтайық!» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Оған «Тарих — халық зердесі» атты ғылыми кеңес мүшелері, батыр бабалардың ұрпақтары, аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары және №2 мектеп-гимназиясының 9-10 сынып оқушылары қатысты.

Алдымен сөз алған музей директоры Нағима Тлембаева дөңгелек үстелдің мән-мақсатына тоқталып, ел билеген хандар мен жерін қорғаған батырлардың ерлігін насихаттау парыз екендігін айтты.

Бармақ пен Баян батырлар туралы ұрпақтары Өмірзақ Жұмабайұлы мен Боранбай Дәменов ел аузында сақталған мәліметтермен бөлісіп, ерлік жолдары жөнінде мазмұнды әңгімелер өрбітті. Одан соң Бармақ Мұхаммедқалиұлы туралы бейнероликке кезек берілді. Мұнда батыр бабамыз елін, жерін қорғауда қырық жыл аттан түспей, жауынгерлік жолда жүріп, Қызылбұлақтағы шайқаста мерт болғаны, содан қалың ел жиналып, Көкпекті өзенінің жағасына жерленгені айтылады. Яғни, кезінде ел «шошақ бейіт» атап кеткен бұл зиратты 1991 жылы ғалым-архитектор Ескендір Байтенов толық зерттеп, архитектуралық сиевтың «Көкпекті» кітабында мазардың тұрған орны, жалпы сыртқы көрінісі толық жазылған. Міне, осыған орай Абай облысы, Көкпекті ауданында батырдың кесенесі басына белгі орнатылған.

Дөңгелек үстелде Баян Қасаболатұлы туралы да қызықты деректер мен сол кезеңдегі тарихи оқиғалар жайлы «Тарих — халық зердесі» атты ғылыми кеңес мүшелері, еңбек ардагерлері Жеткерген Елемес пен Құрал Мусин кеңінен тоқталса, Аманғали Төлебаев осындай тағылымдық шаралардан жас ұрпақтың алар тәлімі мол екенін айтты.

Жалпы Баян батыр туралы көлемді еңбек — Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» тарихи поэмасы қазақ әдебиетінің қазынасына енгені де тарихтан белгілі. Мағжан ел аузынан естіген миф-аңыздыөзінің ақындық шеберлігімен тамаша поэма етіп жазған. Әрине, ол тек тарихты жырлап қоймай, сонымен қатар ерлікті, еркіндікті көрсете білді. Бір қарағанда қызықты сюжеті бар бұл поэма тарихты баяндап тұрғандай. Сондай-ақ осы поэма желісі бойынша 1993 жылы «Батыр Баян» көркем фильмі жарыққа шықты.

Күйші Нұрболат Жанаманов Қазанғап бабамыздың «Ноғайлының жыр күйін», жыршы, термеші Түгелбай Құдайбергенов «Ерназар Бекет» жырын тарту етсе, аудандық Мәдениет үйінің әншісі Бақытқали Жаныққұлов жырау Қарабай Оразаевтың «Байқадам» атты әнін нақышына келтіре орындап, жиналғандарды бір серпілтіп тастады.

Батыр баба ұрпақтары «Үлкен-Борсық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің» басшысы Исатай Көмекбаев пен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марғұлан Досжанов сөз алып, Бармақ пен Баян батырлардың майлы бояумен салынған портреттері мен Қуандық Нұршиннің «Ерөнші Уақ Бармақ батыр» атты кітабын музей қорына тапсырды. Ел қорғауда батырлықтың өрен үлгісін көрсеткен батырлар рухына Құран бағышталды.

М. ДӘНЕКЕРОВ, «Шалқар»